



**№ 1 (25)
2012**

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заң шығару институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертацияларының негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 19.03.2009 ж.
№329 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
М.Т. Баймаханов
М.Ш. Қоғамов

Редакциялық алқа:
Н.М. Әбдіров
Б.М. Бишманов
И.Ш. Борчашвили
С.А. Бухарбаева
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Ғ.К. Есдәулетова
А.Д. Жүсіпов
Л.К. Қайырбаева
Т.Е. Қаудыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
А.М. Нұрмағамбетов
Р.Т. Нұртаев
С.М. Рахметов
Ө.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев
А.М. Сәрсенов
С.М. Төлепбаев
А.Қ. Шаймұрынова
У. Шапақ

Редактор-корректор:
Г.Б. Колтубаева

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлік
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru

Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Б.М. ИМАШЕВ

Мемлекеттің заңмен байлануы, ал тұлғаның онымен «қару-
лануы» қажет (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
сайты) 7

Мемлекет және құқық тарихы мен теориясы

Ж.И. ИБРАГИМОВ

Дауларды шешудің дәстүрлі жолдары 9

М.Т. ҒАБДУӘЛИЕВ

Құқықтағы мерзімдерді есептеу мәселесіне қатысты:
проблемалардың қойылуы..... 16

З.А. МАМЕДОВ (Баку қ.)

Әзірбайжандағы нотариаттық қызмет 19

Конституциялық пен әкімшілік құқық

А.Д. ЖҮСПОВ

Қаржы ұғымы және оның белгілері туралы мәселе..... 24

А.В. БАТАНОВ (Киев қ.)

Қазіргі кездегі еуропалық муниципализм адами өркениет
феномені ретінде 30

Р. ӨМІРТАЙ

Қазақстандағы босқындардың конституциялық құқықтық мәртебесі
және босқындар мәртебесін берудің құқықтық іс-үрдісі 38

С.Ш. ИСРАИЛОВА

Сайлау жүйесінің партиялық жүйеге ықпалы (мәселенің
теориясы) 43

Ө.Ш. ТӨЛЕУБАЕВА

Қызмет көрсету орталықтар Қазақстан Республикасындағы
әкімшілік реформаның маңызды сегменті ретінде..... 46

Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы

М.А. ӘЛЕНОВ

Кәсіпкерлік құқық саласын реформалау: статустық мәселелер 51

С.П. МОРОЗ

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік заңнамасы: қалыптасу
кезеңдері және жетілдіру мәселелері 55

Е.Н. НҮРҒАЛИЕВА

Еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері 61

И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА

Өнеркәсіптік меншік объектілерінің жалпы сипат-
тамасы..... 66

А.Ө. ҚАЛИЕВА

Еңбекті реттеудің шарттық әдістерін жетілдіру - еңбек құқығы
дамуының шарты 70

Д.Д. ҚАСЕНОВА	
Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарын неке шарты арқылы реттеу ерекшеліктері	73
Р.Е. ЖАҚЫПОВ	
Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша мұрагерлік құқықты қорғаудың кейбір мәселелері	76
И.Е. АҚАТОВ	
Қазақстан Республикасында құпия өсиетті іске асырудың кейбір аспектілері туралы.....	80
Ә.Е. ЕШАНҚҰЛОВ	
Қазақстан Республикасында тұтынушылар құқықтарын қорғаудың кейбір мәселелері.....	85
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	
Н.А. САРТАЕВА	
Заң техникасы: қылмыстық заңнамадағы жетілдіру бағыттары	88
Н.С. МАШАНОВ	
Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін әрі қарай жетілдірудің кейбір мәселелері	93
С.Б. АЙСИН	
Айыппұл - экологиялық қылмыс жасаған заңды тұлғаларға қылмыстық жазаның тиімді шарасы.....	96
С. РАХБЕРИ (Баку қ.)	
Әзірбайжан Республикасы және Иран Ислам Республикасындағы есірткі құралдарының және психотроптық заттардың заңсыз айналымымен күреске қатысты қылмыстық жауапкершіліктің кейбір мәселелері	100
А.Т. ҚОНЫСБЕКОВА	
Халықаралық құқық пен Қазақстан Республикасының заңнамасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің дамуы	105
Құқықтық мониторинг және қолданыстағы НҚА-ға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама	
А.А. МҰҚАШЕВА	
Траншекаралық су ресурстарын халықаралық-құқықтық реттеу	109
А.Ғ. ҚАЗБАЕВА	
Құқықтық мониторинг шеңберіндегі коррупцияға қарсы талдаудың құқықтық негізі	112
Г.Қ. НҰРКЕЕВА	
Қазақстан Республикасындағы құқықтық мониторинг: үдерістері және перспективалары	115
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
А.М. СӨРСЕНОВ	
Еуразиялық полицияны (Еуразполды) құру туралы идеяға	118
М.А. СӨРСЕМБАЕВ	
Еуразиялық экономикалық қауымдастық: оның артықшылықтары мен иммунитеттері	121
Д.А. ПАШЕНЦЕВ (Мәскеу қ.)	
Бірыңғай экономикалық кеңістік мемлекеттерінің заңнамасын біріздендірудің теориялық аспектілері	126
Б.Ө. АЛТЫНБАСОВ	
Қазақстан Республикасының ДСҰ-на кіруінің ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері	130
Л.Н. ДЕШКО (Донецк қ.)	
Еуропалық қоғамдастықта және Еуропалық Одақтағы адамның құқықтарын қорғау қағидатының қалыптасуы	135
С.М. ОСПАНОВА	
Корей Республикасында әйелдер құқықтарының дамуы: беталысы мен болашағы	140
А. ДӘУЕШЕВ	
Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру саласындағы Канаданың тәжірибесі.....	144
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	
Н.М. ПРИМАШЕВ	
Адам есімін құқық категориясы ретінде ресімдеудің кейбір аспектілері.....	147

Ә.Ә. ДӘУЛЕТХАНОВА

Қазақша заң тіліндегі келеңсіздіктер (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мысалында) 151

Б.С. ОМАР

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (Ерекше бөлім) кейбір аударма сәйкессіздіктері 155

Ж.М. ТҰРАРОВА

Нормативтік құқықтық актілердегі пунктуациялық мәселелер (азаматтық заңнамалық актілер мысалы негізінде) 157

Ақпараттық хабарлама

М.Т. ҒАБДУӘЛИЕВ 2012 ж. 29 наурызда өткен жергілікті өзін-өзі басқаруын дамыту тұжырымдамасын талқылауына арналған дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама 160



**№ 1 (25)
2012**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №329
от 19.03.2009 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
М.Т. Баймаханов
М.Ч. Когамов

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
Б.М. Бишманов
И.Ш. Борчашвили
С.А. Бухарбаева
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Г.К. Есдаулетова
А.Д. Жусупов
Л.К. Каирбаева
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
А.М. Нурмагамбетов
Р.Т. Нуртаев
С.М. Рахметов
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
А.М. Сарсенов
Т.С. Сафарова
С.М. Тулепбаев
А.К. Шаймурунова
У. Шапак

Редактор-корректор:
Г.Б. Колтубаева

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Б.М. ИМАШЕВ Государство должно быть связано законом, а личность «вооружена» им (сайт Министерства юстиции Республики Казахстан)	7
<i>Теория и история государства и права</i>	
Ж.И. ИБРАГИМОВ Традиционные пути решения споров	9
М.Т. ГАБДУАЛИЕВ К вопросу об исчислении сроков в праве: постановка проблемы.....	16
З.А. МАМЕДОВ (г. Баку) Нотариальная деятельность в Азербайджане	19
<i>Конституционное и административное право</i>	
А.Д. ЖУСУПОВ К вопросу о понятии финансов и их признаках.....	24
А.В. БАТАНОВ (г. Киев) Современный европейский муниципализм как феномен человеческой цивилизации	30
Р. ӨМІРТАЙ Конституционно-правовой статус беженцев и процедуры предоставления статуса беженцев в Казахстане	38
С.Ш. ИСРАИЛОВА Влияние избирательной системы на партийную систему (к теории вопроса)	43
А.Ш. ТУЛЕУБАЕВА Центры обслуживания населения как важнейший сегмент административной реформы в Республике Казахстан.....	46
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право</i>	
М.А. АЛЕНОВ Реформирование отрасли предпринимательского права: статусные вопросы	51
С.П. МОРОЗ Предпринимательское законодательство Республики Казахстан: этапы становления и вопросы совершенствования	55
Е.Н. НУРГАЛИЕВА Вопросы совершенствования трудового законодательства.....	61
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА Общая характеристика объектов промышленной собственности	66
А.У. КАЛИЕВА Совершенствование договорных методов регулирования труда как условие развития трудового права	70

Д.Д. КАСЕНОВА	
Особенности регулирования имущественных отношений супругов посредством брачного договора	73
Р.Е. ЖАКУПОВ	
Некоторые вопросы защиты права наследования по законодательству Республики Казахстан.....	76
И.Е. АКАТОВ	
О некоторых аспектах совершения секретного завещания в Республике Казахстан.....	80
А.Е. ЕШАНКУЛОВ	
Некоторые проблемы защиты прав потребителей в Республике Казахстан.....	85
Уголовное право и уголовный процесс	
Н.А. САРТАЕВА	
Юридическая техника: направления совершенствования уголовного законодательства	88
Н.С. МАШАНОВ	
Некоторые вопросы дальнейшего совершенствования правоохранительной службы в Республике Казахстан.....	93
С.Б. АЙСИН	
Штраф как эффективная мера уголовного наказания юридических лиц за экологические преступления	96
С. РАХБЕРИ (г. Баку)	
Некоторые вопросы уголовной ответственности за преступления, связанные с незаконным оборотом наркотических средств и психотропных веществ в Азербайджанской Республике и Исламской Республике Иран.....	100
А.Т. КОНЫСБЕКОВА	
Развитие борьбы с коррупцией в международном праве и в законодательстве Республики Казахстан	105
Правовой мониторинг и антикоррупционная экспертиза действующих НПА	
А.А. МУКАШЕВА	
Международно-правовое регулирование трансграничных водных ресурсов.....	109
А.Г. КАЗБАЕВА	
Правовая основа антикоррупционного анализа в рамках правового мониторинга.....	112
Г.К. НУРКЕЕВА	
Правовой мониторинг в Республике Казахстан: тенденции и перспективы	115
Международное право и сравнительное правоведение	
А.М. САРСЕНОВ	
К идее создания Евразийской полиции (Евразпола).....	118
М.А. САРСЕМБАЕВ	
Евразийское экономическое сообщество: его привилегии и иммунитеты.....	121
Д.А. ПАШЕНЦЕВ (г. Москва)	
Теоретические аспекты унификации законодательства государств Единого экономического пространства	126
Б.О. АЛТЫНБАСОВ	
Организационно-правовые вопросы вступления Республики Казахстан в ВТО.....	130
Л.Н. ДЕШКО (г. Донецк)	
Становление принципа защиты прав человека в Европейских сообществах и Европейском Союзе	135
С.М. ОСПАНОВА	
Развитие прав женщин в Республике Корея: тенденции и перспективы	140
А. ДАУЕШЕВ	
Опыт Канады в сфере организации государственных закупок.....	144
Из практики законодотворчества на государственном языке	
Н.М. ПРИМАШЕВ	
Некоторые аспекты оформления имени как правовой категории	147

А.А. ДАУЛЕТХАНОВА

Недочеты законодательства на казахском языке (на примере Гражданского кодекса Республики Казахстан)..... 151

Б.С. ОМАР

Некоторые несоответствия перевода в Гражданском кодексе Республики Казахстан (Особенная часть) 155

Ж.М. ТУРАРОВА

Вопросы пунктуации в нормативных правовых актах (на примере актов гражданского законодательства) 157

Информационное сообщение

М.Т. ГАБДУАЛИЕВ Информационное сообщение о круглом столе по обсуждению концепции развития местного самоуправления, 29 марта 2012 г. 160



*Ибрагимов Жамаладен Ибрагимұлы,
ҚР Заң шығару институты халықаралық құқық
және салыстырмалы құқықтану бөлімінің
жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ДӘСТҮРЛІ ЖОЛДАРЫ

Дәстүрлі қазақ құқығындағы дауларды шешудің дәстүрлі жолдарын терең қарастыру, зерделеу заң ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Дауларды шешудің негізгі нысандары мен әдістерін жан-жақты ашып көрсету үшін билердің қоғам өміріндегі рөлі, әдет-ғұрып құқығы, сот ісін қарау тәртібі және билік ету қызметінің ерекшеліктеріне қатысты деректерге талдау жасалуы қажет.

Біздің мемлекетіміз өзінің егемендігін озық елдердің қатарынан қалмай, демократиялық бағытты ұстап тұру мақсатында 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңды қабылдау арқылы жариялады. Әрине, тәуелсіздікке қол жеткізу ғасырдан астам отаршыл Ресей патшалығының, содан кейін Кеңес одағының қол астында болған Қазақстан үшін үлкен жетістіктің белгісі болды. Негізінен, егемендіктің, мемлекеттің белгісі – Ата Заңның қазіргі заман талаптарына орай жасалғаны анық болғанымен, кейбір мәліметтерде мемлекеттегі заңнама қазақ елінің болмысын ескермейді деген ой, пікірлер кездеседі. Бірақ, мұндай мәселелердің ғылыми деңгейде қозғалуының өзі бұл мәселенің шешілуіне қатысты еңбектердің зерттелуіне бастама болады. Сондықтан да ата-бабамыздың дәстүрінен туындаған саяси дәстүрлерді, үлгілерді болашақ құқықтық дамуымызда терең саралап отырып қолдану мүмкіншілігін ескере отырып, қазақ халқының дәстүрлі қазақ құқығы саласындағы даулар, оның шешілу әдістерін терең зерттеу қазіргі таңда заң ғылымындағы негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

Қазақ мемлекеттілігінде сот органдарының пайда болу және қалыптасу тарихы - қазақ қоғамының жылнамасындағы «алтын ғасыр» дәуірі болды деген пікірге алып келеді. Қазақстандық сот билігін қалыптастыру мен

бекітудің негізгі өлшемдерін түсініп ұғыну үшін, дәстүрлі қазақ құқығы тарихнамасын біліп қана қоймай, мемлекет аумағында қолданылған әдет-ғұрып құқығы нормаларының, салт-дәстүрлердің тарихы мен даулардың реттелуін терең игеру қажет.

Қазақ халқының тарихындағы сот төрелігі қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңіне терең тамырын жайған. Билерге тиесілі сот билігінің қазақ қоғамында ерекше манызы бар, дәстүрлі қазақ құқығындағы дау жүйесінде, оны шешудің жетекші нысанына айналды. Көшпелі ұжымдарда басқару функциясы негізінен ұжымның ішінде де, рулар мен олардың қарауындағылардың да даулары мен талаптарын талқылаудан тұрды. Соттар нормаларды, дәйектемелерді түсіндіруде және шешімдер шығаруды талқылауда, сондай-ақ осы шешімдерді орындауға келтіру әдістері мен нысандары айкындауда едәуір құқықтарға ие болды.

Билердің соттық шешімдерінің түпкі мақсаты шындықпен әділдікке жету екендігіне байланысты, қазақ құқығындағы даулардың шешілуі туралы академик С. Зиманов былай деп атап өтеді: «Дауды қарастырудағы қарапайымдылық, сот әділдігі мен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және соттық шешімдердің тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де қоғамның алдындағы әділеттігі мен логика заңдарына сай болуын қамтамасыз ету билер сотының формасы мен мазмұнын құрады. Ақырғы соттық шешім шығару жауапкершілігін иеленген би жасына, жастығына қарамастан ертедегі, өз дәуіріндегі данышпан қарияларға ұқсап бақты» [1, 18 б.].

Билердің қызметі тек дауларды шешуде сот төрелігін жүзеге асырумен шектелмей, олар

қоғам өмірінің басқа да салаларына белсене қатысып, біріктіруші, бағыт беруші және жасампаз ретінде қызмет етті. Олардың салмақты пікірлерімен, шешімдерімен тіпті хандар мен сұлтандар да санасты. Билердің көшпенді ұжымдардың басында да тұрып, жетекшілік жасауы да аз емес. Демек, сол кездің өзінде билер соты аса құрметті, беделді және тәуелсіз орган болған.

Өзінің көнелілігі мен ескілігіне қарамастан, қазақ халқының әдет-ғұрып құқығы бұқара халық өкілдерінің де, билердің де құқықтарын жақсы қорғаған. Биді сөзбен жәбірлеу, билер сотында дауды шешу процесі кезінде билерге қарсы сөз айту, оларға зақым келтіру және т.б. адат бойынша қатаң жазаланды. Әдет құқығы сондай-ақ билердің мүліктік, жеке және отбасы мүдделерін де толыққанды қорғады.

Билердің қоғамдық жағдайының тағы бір ерекшелігін де еске сала кеткен жөн. Олар сұлтандар сияқты белгілі бір кезеңде қазақ руларынан шет болған жоқ. Олар қауым қорынан шықты, олардың мүшелері болып, сұлтандарға қарағанда халыққа жақын тұрды. Әрбір ру тайпасында ұжымның ішкі және сыртқы істерінен хабардар бір не бірнеше билер болды.

Өз заманында үстемдік құрған идеология барлық ру мүшелері мүдделерінің біртұтастығын, билер мен қатардағы көшпенділер арасындағы айырмашылықты көрсетті. Билерге қатысты құндылықтар халық қолдаушысы-судья ретінде әлі толығымен жоғалған жоқ, ол халықтың құқықтық санасында сақталды. Дауларды шешудегі дәстүрлі жолдардың қалыптасуына билер сотының ықпалы өте жоғары болғандығын білеміз. Дауларды қазақ құқығының атақты білгірлерінің арасынан мүдделі тараптар таңдап алған билер шешті. Қазақ халқының тарихында әділдігімен, тапқырлығымен атағы жайылған көптеген билердің есімдері белгілі. Төле би Әлібекұлы, Қазыбек би Келдібекұлы, Әйтеке би Байбекұлы - міне осылар үздік билер болды. Олардың жігерлерімен, білімдерімен және данагөйлігімен «Жеті жарғы» дағдылы құқық нормаларының жинағы жасалды. Бұл қазақ қоғамы мен жалпы қазақ мемлекеттілігінің құрылысын сала бастаған кірпішке айналды [2, 3 б.].

Негізінен, әдеттік сот мекемесі ретінде билер соты қазақ этносының әдеттік құқықтардың қалыптасуы мен қызмет етуінде негізгі рөлге ие болады. Билер соты тек соттық-процессуалдық құқықтың орталық институты болған жоқ, ол, сондай-ақ, қазақтардың әдеттік құқықтары мен

тұтастай әдеттік құқықтық жүйенің үйлестірумен айналысатын институт болды. Сөз жоқ, билер соты ұзақ уақыт бойы қазақ қоғамының қоғамдық-саяси өмірінің, соның ішінде құқықтық өмірінің маңызды «белсенді орталығы» болды.

Дауларды шешудегі билер сотына сипаттама беруде мұның маңызы зор болғандықтан, бидің тұлғасына толығырақ тоқталсақ. Бізге жақсы мәлім, қазақтардың «би» түсінігі түріктің «бек» (бек, бей) сөзінен бастау алады. Би – түрік қауымдастықтарындағы құдіретті, білімдар, бақуатты жанның дәстүрлі титулы. Қазақ қоғамында «би» титулы мұрагерлік жолмен ғана берілмеген, ол еңбек сіңіріп алатын құрметті атақ болған. Билер тағайындалмаған және сайланбаған. Дәлірек айтқанда, XIX ғасырда отаршыл орыс әкімшілігі араласқанға дейін солай болған. Ізденушіні (үміткерді) кейде билер, ақсақалдар немесе басқа да өмірде көргені мен білгені мол қариялар анықтаған. Дұрысы, олар үміткерге сәл-пәл демеу жасап берген, ал «би» деген құрметті атақ тек халықтың үміткерді мойындауынан кейін берілген. Үміткерге қойылатын негізгі талаптар болды: әдет-ғұрып құқығы нормаларын үтір-нүктесіне дейін білу, шешендік өнерді меңгеру және әділ болу [3, 52 б.].

Қазақ халқының саяси-құқықтық тарихында билер институтының дауларды шешудегі алар орны мен үлес салмағы айрықша. Себебі, мемлекеттің саяси және әлеуметтік қалпын тек қана әдет-ғұрыптық құқық емес, сол сияқты рухани-мәдени салт-дәстүр негізінде де ұштастыра әрі теңдестіре отырып қамтамасыз етуші бірден-бір құрылым ретінде дәстүрлі билер институты орасан зор рөл атқарды. Ол мемлекеттік басқару жүйесімен тығыз астасып жатыр, сондықтан халық пен билеуші топтардың белгілі бір әлеуметтік-саяси құндылықтар төңірегінде топтасуына тікелей ықпал еткені анық.

Қазіргі күні «би» сөзінің этимологиясы жайлы бірнеше ғылыми пікірлер қалыптасқан. Бұл мәселеге алғаш көңіл аударған Г. Вамбери, В. Радлов тәрізді ғалымдар «би» сөзінің төркінін көне түркі тілінің билікті, жоғарылықты білдіретін мағынасынан іздесе, мұны зерттеуші Құрбанғали Халид «би-бектен», «бек-бүнектен», - деп көрсетеді. Қарастырылып өткен ғылыми болжамдардың айналып келгенде, бір ғана пікір төңірегінде тоқайласып жатқанын аңғару қиын емес. «Би» сөзі ежелгі түркінің «бек» сөзінен бас алады да, негізінен «басқару», «билеу», «билік ету» ұғымдарын білдіреді. Олай болса би терминінің пайда болу уақыты да ежелгі түркі

заманына тірелетіні даусыз. Көшпелі тұрмыс-тіршілік үрдісіне сүйенген қоғам жағдайындағы билер институты дегеніміздің өзі, ең алдымен, мұрагерлік заңына негізделген дәстүрлі аристократиялық билік-хандық институтына қарағанда халықтың қайнаған ортасының өзі тарихи қалыптастырып шығарған демократиялық билік тұтқасы. XVIII ғасырға дейін билер институты бірнеше сатыдан өтті:

1. Сонау түркілер заманынан XII ғасырға дейін. Қазіргі Қазақстан территориясында қалыптасқан көшпелі қоғамдардың алғашқы кезеңіндегі ақсақалдар кеңесі, ру-тайпалық құрылымның өзін-өзі басқару тәрізді қоғамдық тетігі ретінде бек, би институттарының пайда болуының негізгі алғы шарты болып табылады.

2. XII-XIV ғасырды қамтиды. Бұл кезеңде билер институты одан әрі етек жая бастады, бірақ мұнда билер институтының ара-жігі әлеуметтік өмірдің жоғарғы сатысындағы басқару жүйесінен ажырамаған.

3. XV-XVI ғасырлар. Бұл аралықта қазақ хандығының негізі қаланып, билер институтының түпкілікті қалыптасып болуы жүрді. Сондықтан ноғай ордасының саяси құрылысында билердің ең жоғарғы мемлекеттік лауазым болғандығын айтуға болады. Алайда бұл дәуірде билер институты хандық институтынан әлі нақты бөліне қоймағанды, сондықтан да сөз болып отырған кезеңде билер институты «батыр», «жырау» институттарымен тығыз астасып жатыр.

4. XVI-XIX ғасырлар. Әсіресе XVII ғасырдың екінші жартысынан XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығында билер институты шырқау шегіне жетті. Бұл тұстағы билер институтының тарихи функциясы – бір жағынан ру-тайпалық қарым-қатынастарды, дауларды реттеп отырушы әлеуметтік тетік, екінші жағынан, аристократиялық хан билігін теңдестіріп-тежеп отырушы саяси тетік.

Қазақ мемлекеттігі тарихында билердің орны әр дәуірдің тарихи оқиғасымен мәні арта түсіп, ірі тұлғаларға айналғаны анық.

Билер - Ата би, төбе би, қатар би, жеке би, төтен би, бала би болып бөлінген. Ата би – бұрын билік құрған, талай елдік істер мен даулардың тағдырын шешіп, елге танылған, енді қартайып, билік ісін ізінен ерген кіші билерге тапсырған адам. Ол биліктен қарттығына байланысты қалғанымен, кейінгі билер қауымы оны ақылшы, кеңесші ретінде мойындап, батасын алып отырған. Төбе би – елдік немесе өңірлік (регион) аумақта сайланып қойылатын қаламыш билер.

Тарихымыздағы Төле, Қазыбек, Әйтеке билер өз өңірінде (жүздерінде) төбе билер болған. Төбе билерді сайлайтын халық емес, билер жиынында сайлаған. Оларды қалаулы, қаламыш билер деп те атаған. Қатар билерге-қазақ билері құрамындағы Төбе биден (Төле би) басқалары, яғни бір-бірінен артықшылығы жоқ, тең құқылы билер жатқан. Олар - Қазыбек пен Әйтеке билер. Сол сияқты әр жүз билері құрамында да төбе және қатар билер болған. Жеке би - әрбір ауыл, кіші рулық бөліністе билер құрамы болмаған, олардағы би - біреу (жеке) болған. Жеке билер сайланбаған немесе қаламыш би деп те аталынбаған. Төтен би - екі ел арасындағы кейбір даулы мәселелерді шешіп келуге ел арасындағы билерден таңдама билер тобын құрып, өкілетті етіп жіберілетін билер (төтенше би деп те атаған). Бұл билер сайланбаған, олар елдің беделді адамдарынан құрылған [4, 140-141 б.].

Дауларды шешудің дәстүрлі жолдарын зерттеу барысында әдет-ғұрып түсінігіне тоқталу артық болмайды. Әдет-ғұрып қауымдағы адамдардың қарым-қатынасын реттейтін, дағдыға айналып, географиялық, ұлттық, экономикалық факторларға байланысты қалыптасқан, жазылмаған мінез-құлық қағидасы. Әдет-ғұрып құқығы қазақ қоғамындағы құқықтың, құқықтық жүйенің жалпы жиынтығы болып табылады [5, 449 б.].

Әдет-ғұрып заңдары Азияны мекендеген ғұн, үйсіндерде б.з.д. III ғасырларда, ал қаңлы, түркілерде V-VI ғасырлардан бастап пайда болғандығы туралы деректер бар. Онда мұрагерлік, меншік, қылмыстық мазмұндар қамтылған. Ол жетіле келе, мемлекетті басқару ісінде қажетке айналған. Міне осы көшпенділердің әдет-ғұрып заңдары негізінде қазақ дәстүрлік заңдары қалыптасты. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан, жетілдірілген ауызша жинақ болды. Бұл заңдар қазақ қоғамының экономикалық, мәдени көшпелі тірлігіне сәйкес келді. Сондай-ақ қоғамдық-құқықтық қатынастарды реттеу үшін қазақтың әдет-ғұрып құқығы хан, сұлтан, би және басқа ру өкілдерімен бекітілді және қадағаланып отырды.

Ғалымдар арасында «әдет» терминінің шығуы туралы біртекті пікірлер жоқ. «Әдет» - «әдет-ғұрып» деген араб сөзінен шыққан, мағынасы дағды, әдет. Әрине қандай бір іс болмасын, әуелі дағдыға, әдетке айналып, кейін белгілі мерзім өткенде көпшілік қолданатын заңға айналып, оны бұзу ерсі қылық, қылмыс саналған. Әр халықтың өзіне жарасатын әдет-ғұрып, салт-санасы мен дәстүрлері бар.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығының негізгі белгілері ретінде төмендегілерді атап өту керек:

1. Патриархалдық туыстық ереже, яғни туыстардың бір-біріне өзара көмегі.

2. Ескіден келе жатқан көптеген ережелер мен институттар, яғни қағидасы қанға-қан алу, әменгерлік т.б.

3. Қылмыстық іс пен азаматтық құқық бұзушылықтың арасын айырып көрсетпеуі.

4. Саяси қылмыс институты түсінігінде қалыптасты, яғни Отанды сату, майдан шебінен қашу және әскер басшылығына бағынбау [3, 52 б.].

Қазақ халқының, оның мемлекеттілігінің сан ғасырлар бойы құрылу, қалыптасу және өрлеу кезеңінде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, осы кезге дейін ел есінде қалған заң баптарын келтіруге болады, олар дауларды шешу барысында билер ұстанатын, басшылыққа алатын нормалар жиынтығы ретінде де қарастырылады.

Сонымен, қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ мемлекеті құқығының пайда болуы, қалыптасуы және даму эволюциясы халқымыздың сол дәуірдегі шаруашылық-экономикалық, рухани-мәдени өмірінің ерекшеліктерімен, деңгейімен тығыз байланысты болды. Қазақ қоғамының экономикалық негізі (базисі) дәстүр, салт, әдеп, әдет-ғұрыпқа негізделіп, соған сәйкестендіріліп, ұзақ уақыт бойы тайпалық-рулық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері, қағидалары сақталғандықтан, сол саяси жүйенің қондырмасын бейнелейтін құқықтық көзқарастар мен тиісті құқықтық мекемелер қалыптасты.

Бастапқы кезеңде ұзақ уақыт бойы ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа сөз құдіреті арқылы беріліп келген әдет-ғұрып ережелері мен қағидалары мемлекет тарапынан рәсімделіп, бекітіліп, толықтырылып әрі жетілдіріліп дәстүрлі қазақ қоғамына ортақ, жалпыға міндетті заң ретінде қалыптасты [6, 3 б.].

Біз іс жүргізу, тікелей дауларды қарастырудың қалыптасқан рәсімдеріне талдау жасағанда, қазақстандық әдеттік іс жүргізу құқығы бойынша сот ісін қарауы мәселесі жөнінде зерттеуші Г. Шакаевтың еңбегінде жан-жақты қарастырылғанын байқаймыз.

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде Қазақстанда дауларды қарау билер сотының негізгі қызметі болды. Дәл осы кезеңде билер өздерінің қабілет-қарымы мен тәжірибесін көрсетіп, «ақиқаттың жаршысы», «салт-дәстүрдің білгірі», «тәртіп сақшысы», «әділеттікті сақтаушы», «дәстүрді қорғаушы» рөліне енетін, нақтылы дауларды шешу арқылы өздерінің мүмкіндіктері

мен әдіс-айласын көрсететін. Қоғамдық даулы-мәселелердің, талас-тартыстардың көбі адамгершілік рухани ережелерімен, талаптарымен шешіліп жатты. Себебі көшпелілер бір-бірін соттасуға, бет ашысуға қимайтын, яғни олар адамның рухын жоғары қойды. Қазақ қоғамындағы сот процесінің басты мақсаты - бітім еді. Яғни, дауласушы не арыздасушы жақтарды жұрт алдында келістіріп, бітімдестіру. Қазақ билері - бірлік, ынтымаққа шақыратын шешімдерді, даулы істерді бітімге келтіретін шешімдерді және айып салатын шешімдерді ұстанған. Бірлікке, ынтымаққа шақыратын шешімдердің бірі - үш жүздің билері Ордабасыға жиналып, елді жоңғар басқыншылығына қарсы топтасуға шақыру болды. Сол шешімнің нәтижесінде қазақ елі жауды талқандап, өзінің ұлттық тұтастығын сақтап қалды.

Бітімге келтіретін үлкенді-кішілі шешімдер бола берген. Ол, әсіресе ел арасындағы, жеке адамдар арасындағы дау жанжалдарды реттеуге, рухани кінәсін жоюға бағытталған. Айып салатын шешімдерге билер кінәліге айып салып, соны орындаттырған. Айып түрлері аз емес.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша, сот ісін жүргізудің міндеттері мынадай еді:

1) бұзылған құқықтың орнын мүлікпен, затпен, мал басымен, қыстаумен, жайлаумен, су көздерімен толтыру арқылы қамтамасыз ету, қалыңдықтың, жесірдің құқығын қорғап, құн, айып, қалың малды төлету және кінәліні жазалау;

2) айыпталушының жәбірленушіге келтірген материалдық шығыны мен зиянының орнын толтыру. Қазақтардың әдеттік құқығында зиянды қолдан жіберілген олжа формасында ерекшеленеді (мал басына мал қосылуы, мүліктің өсуі және т.б.);

3) дау-жанжалдағы жәбірленуші жақтың рулық абыройын тиісті деңгейде қанағаттандырып, қайта қалпына келтіру. Қауым мүшесінің арын және жеке абыройын, оның отбасының, аты-жөнінің, руының, тайпасының және оның бөлімшесінің арын қорғау.

Билердің дауларлы қараудағы кейбір нысандарын төмендегідей негізгі құрамдас бөліктерге бөлуге болады:

- дайындық-келістіру бөлімі;
- нақтылы жағдайлар мен дәлелдемелерді зерттеу;
- тараптардың, куәгерлердің сөз алуы;
- билердің жарыссөзі;
- дәлелдемелерге баға беріп, іс бойынша шешім шығарып, үкімді жариялау;

- сот ісін қараудың аяқталуы және даудың аяқталғанын білдіретін символикалық салт – «ала жіптің» кесілуі.

Сот отырысының бастапқы процедурасы – билер «мәжілісі» көп жағдайда сот ісінің қозғалу тәртібіне байланысты. Егер сотқа алып келген даушар рудың немесе ру бөлімшелерінің ішіне жарияламай, туыс тараптардың бастамасымен аралық сот түрінде болған-біткенді баяндаумен басталса, тергеуге төмендегі жайттар негіз болады:

а) дауласушы тараптардың немесе олардың сенімді өкілдерінің, куәгерлердің және басқа да тұлғалардың келген-келмегенін тексеру;

ә) тараптардың немесе олардың сенімді өкілдерінің келмей қалу жағдайларын қарастыру, келмеу себебін білу және сот ісін сырттау жүргізу мүмкіндігі [7, 633-635 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін билердің шешімі жазба түрде еш жерде түсірілмеген. Көбіне ауызша тарих деректерінде, фольклорлық негізінде сақталып келді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, «билер кітабы» қалыптасты. Онда сот үкімдері, би шешімдерінің қысқаша мазмұны жазылатын болды. Билердің билігі, үкімдері жеке құжат ретінде толтырылып сақталғандары да бар.

Билер сотында дауды шешудегі дәстүрлі жолдардың ең негізгі бір ерекшелігі – оның жариялығы мен ашықтығы. Қандай дау болмасын, билер оны қараған кезде жариялықты және сот процесінің ашық болуын қамтамасыз етіп отырды. Бұл жөнінде қазақ әдет-ғұрып құқығын терең зерттеушілер де қазақ билерінің билік айтуы, іс қарауы ашық түрде жариялықтың принципі негізінде жүргізілгендіктен, әділ сот ісінің барлық оқиғалары, дәлелдеу процесі қатысушылардың көзінен таса болмағанын, істі құпия түрде қарауға тыйым салынғанын атап көрсетеді.

Сот процесі басталғанда әрбір тарап бидің алдында даудың қалай басталғанын және қалай болғандығы жөнінде өз ойын ортаға салады. Дауда бірінші сөз шағымданушы жаққа беріледі, ал одан кейін би жауап беруші жаққа сөз береді. Өз кезегінде жауап беруші өзіне қарсы айтылған айыптаулардың әділеттігін толықтай немесе жартылай мойындаса және келтірген залалдың орнын толтыруға дайын екендігін айтса, би бірден екі жақты келісімге келтіріп, бітім жасасқан.

Егер жауап беруші жақ айыптауды негізсіз десе, онда сот процесі істі қараудың келесі сатысына көшті. Мұндай жағдайда айыптаушы тарапта, жауап беруші тарапта өз жақтарынан

куәларды келтірген. Куәлар өздерінің сөздерімен белгілі бір тараптың сөздерін мойындап немесе теріске шығарып отырды.

Билер куә болуға барлық адамдарды жібере бермейтін. Куә бола алмайтындар қатарына әйелдер, жасы он беске толмағандар, ақыл-есі толық емес адамдар және соған дейін өтірік куә бергені үшін ұсталғандар, төлеңгіттер мен құлдар жатқызылды. Сонымен қатар баласы әкесі үшін, немересі атасы үшін, яғни жақын туысқан адамдар сотта куә бола алмады.

Дауласушы тараптардың егер оған себептері болса, куәларды қаралып жатқан даудан аластатуға құқылары болды. Мұндай себептерге мыналар жатты: куәге пара беру, туыскандық, айыптаушымен немесе жауап берушімен достығы немесе қастығы. Дәл осындай себептермен би де дауды шешуден аластатылуы мүмкін. Бірақ егер мұндай айыптаулар дәлелденбеген жағдайда айыптаушы тарап жазаға тартылды.

Егер куәларды келтіру арқылы істі шешу олардың жоқтығынан мүмкін болмаған жағдайда, дауды елге беделді, танымал адамдардан ант алумен бітірген. Билермен ант алып, ант беру көпшілік жағдайларда: ер құны, жесір дауы, ұрлық, жер дауы сияқты күрделі дау-жанжалдарда қолданылатын дәстүрлі заң болған.

Негізінен анттың екі түрі қолданылған. Біріншісі, жауап беруші адам қабылдайтын «ақтайтын» ант, ал екіншісі, шағымданушы жақтан қабылданатын «айыптаушы» немесе «теңдік» деп аталды. Бұлардың біріншісі іс жүзінде көп қолданылған. Өйткені, билер кішігірім дауларда, егер қылмысын дәлелдейтін нақты айғақтар болмаған жағдайда жауап берушіден ант алу арқылы дауды бітіріп отырған.

Қазақ қоғамында ант қабылдау деген өзіне тән жауапкершілік алды дегенмен бірдей болды. Негізінен дауда ант қабылдау дауды шешуде барлық басқа мүмкіндіктер қолданып болғаннан кейін ғана белгіленді. Мұндай жағдайда би жауап берушіге оның кінәсіз екендігін дәлелдейтін ант қабылдауды талап етті. Ант қабылдау үшін жауапкер жақтан бірнеше кісі шыққан. Ант қабылдайтын адамға деген талаптар куәларға қойылатын талаптармен бірдей болды. Сонымен қатар ант қабылдайтын адамды қарсы жақ өзі таңдайтын. Бірақ осы таңдаған адамы жауапкермен араздықта болмау керектігін билер қадағалап отырған. Ант қабылдауға адам таңдалғаннан кейін, билер ант қабылдау жерін, уақытын белгілеген.

Қазақ әдет-ғұрып құқығында ант қабылдаудың түрі және нұсқалары көп болған және оны даугер таңдаған. Егер ант қабылдайтын адам жауапкердің кінәсіз екендігіне сеніп, белгіленген жерге уақытында келіп, ант қабылдаса, онда би жауапкерді кінәсіз деп тапқан. Олай болмаған жағдайда, яғни, ант қабылдаушы жауапкерді кінәлі деп тапса, ол белгіленген жерге келмеуге құқығы болған. Ондай жағдайда би ант берушіні күтпей, оның келмеуін біржақты талқылап, шағымданушының талаптарын орынды деп тапқан.

Сот процесінің осы сатыларынан кейін бидің дау бойынша шығарған шешімін екі дауласушы жақ әділетті деп тапса, онда дау бітті деп саналып, дау біткендігінің рәсімі ретінде шағымданушы мен жауапкер орталарынан ала жіпті кестірген. Бұл екі жақтың бітімге келгенін және алдағы уақытта осы дау бойынша шағым қабылданбайтынын білдірген. Егер екі жақтың бірі бидің шешімін орындаудан бас тартса, онда екінші жақ шешімді орындату үшін заңды күштеу құралы «барымтаны» қолдаған. Бұл негізінде жәбір көруші өз құқығының бұзылғандығына байланысты оның орнын толтыру үшін қарсыласының малын айдап әкетуден шыққан.

Қазақстан аумағында билер, қазылар сотының, сондай-ақ ақсақалдар сотының болмауына қарамастан, олар Кеңес заманындағы Қазақстанның халықтық, облыстық және Жоғарғы соттарын қалыптастыру мен дамытуда маңызды рөл атқарды. Билер, қазылар және ақсақалдар соттарының қызметі туралы мұрағаттық деректер Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттің дамуының қазіргі кезеңінде де маңызды рөлге ие. Қазақстан Республикасының 2010-жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес сот-құқықтық реформаларының жүргізілуіне байланысты, осы соттардың жұмысын жетілдіруде бірегей тарихи тәжірибенің рөлі айрықша маңызды.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында құқықтық реформа жүргізуде билер сотының ең құнды құқықтық қырларын пайдалану өзекті мәселелердің бірі. Статистика мәліметтері көрсеткендей, соттардың қараған және шағым берілмеген істерінің негізгі саны - бұл азаматтық-құқықтық және әкімшілік сипаттағы ұсақ даулар санаты. Осы орайда мұндай санаттағы істерді билер сотының (бітімгерлік судьяларға) қарауына беру қажеттілігі туындайды.

Билер сотының тәжірибесін пайдалану қажеттігі, біздің пайымдауымызша, мынадай мән-жайларға:

- халықтық, өзін-өзі басқару институтының дамуына, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, белсенді азаматтық ұстанымды дайындауға, сот төрелігін атқару бойынша қызметке азаматтарды тартуға;

- қазақ сот төрелігінің ұлттық ерекшеліктері мен дәстүрлерін ескеруге, қылмыстық-түзету сипатындағы (құн, айып, көпшілік алдында кешірім сұрау, көпшілік соты) шараларды қолданбастан туындаған дауларды шешу мүмкіндігіне;

- жекелеген этникалық топтардың туыстық байланыстармен тұру жиынтығына, ортақ менталитетті білдіретін, оның ішінде кінәлілерді жазалау мәселелерінде діни және дәстүрлік байланыстардың ортақтығына;

- заңды бұзушыға моральдық-этикалық және адамгершілік императивті ықпал етуді бір мезгілде күшейте отырып, азаматтардың арасындағы қатынастарға мемлекеттің құқықтық әсер ету саласын азайтуға;

- билер соты шешімінің орындалуын мәжбүрлеп орындату арқылы емес, ұжымдық әсер ету және талқылау арқылы қамтамасыз етуге байланысты.

Би институтын енгізу дауларды неғұрлым тиімді әрі жедел шешуге мүмкіндік береді, азаматтардың өзін-өзі басқаруы мен олардың құқықтық танымын арттыруға ықпал етеді, аудандық соттарды ұсақ істерден босатады және аса күрделі санаттағы дауларды арауға мүмкіндік береді, қолданыстағы сот жүйесі шеңберінде дәстүрлі сот төрелігінің дамуына мүмкіндік береді.

Осы институтты қабылдауға таяу шетелдердің, атап айтқанда ақсақалдар (билер) соты жұмыс істейтін Қырғыз Республикасының тәжірибесін ескеріп, жақындау керек [8, 3 б.].

Дауларды шешудегі билер сотының шешілулерінің, ұстанымдарының маңызы, бүгінгі таңдағы құқыққорғау жүйесін реформалаудағы мәні, қажеттілігі туралы академик С. Зимановта ерекше атап көрсетті: «Брендом, ядром правоохранительной системы является суд. Будет суд хорош, то и будет эффективной правоохранительная система. И не случайно еще Калинин М.И. говорил, что по суду судят о Советской власти. Я скажу, что везде судят о власти по суду. Сейчас мы имеем возможность реформировать, перестроить судебную систему в рамках проводимой в правоохранительных органах реформы. Ведь в Казахстане есть политическая традиция, уникальный исторический опыт, позволяющий создать с учетом создать с учетом их хорошую судебную систему» [8, 9 б.].

Билер соты мен олардың қызметін айқындайтын жарғылар және түсініктер ауқымында даулар жүйесі адами тұрғыда, әділдік шеңберінде шешілді. Дауларды шешуде қазақ қоғамның тұрақтылығы, халықтың бірлігі, тепе-теңдік пен бейтараптылықты ұстануды мақсат еткен дәстүрлі

жолдардың маңызы зор. Билер сотында дауларды шешу тұрғысында байлық, мансап ұғымы адам өміріндегі ар, жан қуаттарына кейінгі кезекте тұрды. Сондықтан да дауды шешудің дәстүрлі жолдары, билердің өнеге-өсиеттері халық діліне жақын және жағымды болды.

Қолданылған әдебиет

1. Зиманов С.З. Қазақтың билер соты-бірегей сот жүйесі. - Алматы: Ата-мұра, 2008 ж. - 216 б.
2. Байқадамов З. // Сыр бойы Қызылорда облыстық газеті. - 2010 ж. - 24 тамыз. - 5 б.
3. Смағұлова А.С. Қазақтың әдет-ғұрып заңдары. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің редакциялық-баспа бөлімі, 2004 ж. - 167 б.
4. Әлімжан Қ. Әдеттік құқық институты ретіндегі билер соты. Қазақтың ата заңдары, II том. - Алматы: «Жеті Жарғы», 2004. - 307 б.
5. Оңалбаев Т. Қазақ әдет-ғұрып құқығының қалыптасуы және оның даму ерекшеліктері. Қазақтың ата заңдары, II том. - Алматы: «Жеті Жарғы», 2004 ж. - 487 б.
6. Әлдибеков Ж. Бабалардан жеткен бап // Айқын Республикалық қоғамдық-саяси газеті. - 2010. - 08 сәуір. - 5 б.
7. Шакаев Г. Қазақтардың әдеттік іс жүргізу құқығы бойынша сот ісін қарауы. Қазақтың ата заңдары. - Алматы: «Жеті Жарғы», 2004 ж. - 432 б.
8. Зиманов С.З. Задачи стратегического уровня // Совершенствование законодательства в свете концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года: Материалы международной научной-практической конференции 19 ноября 2010 г. II-том. - Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2010 ж. - 398 с.



Мақалада қазақ қоғамындағы дауларды шешудің дәстүрлі жолдары қарастырылады. Автор деректерге талдау жасау негізінде саяси-құқықтық дәстүрлердің бірегей тарихи тәжірибесін ашып көрсетеді.

В настоящей статье рассматриваются традиционные пути решения споров в казахском обществе. На основе анализа источников автор раскрывает уникальный исторический опыт политико-правовых традиций.

In this article the author examines traditional ways of resolving disputes in Kazakh society.

Based on an analysis of sources, the author reveals the unique historical experience of political and legal traditions.

Түйін сөздер: дәстүр, даулар, бірегей, тарихи тәжірибе.

Ключевые слова: традиции, споры, уникальный, исторический опыт.

Keywords: traditional, disputes, unique, historical experience.